

**ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МҚҚ**

ХАТТАМАСЫ № 2024/2

«14» маусым 2024 жылы

Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында: **Сыбайлас жемқорлық қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелерін туралы II – тоқсаны бойынша** кезектен тыс жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Ж.М. Ақылбаева төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер, Да, ФАП, МП және аға мед. бикелермен мейірбикелер қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

КҮН ТӘРТІБІ:

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес және алдын алу мәселесі бойынша»

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы*); Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (*Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ*);

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Ж.М. Ақылбаева төрайымы Қазіргі уақытта, денсаулық сақтау ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық өзінің ақырына жетуде, өйткені халыққа медициналық көмек көрсету «пациентке бағдарлану» деп аталатын жаңа деңгейге көтерілуде. Тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін сыбайлас жемқорлық ұғымын жою қажет, аудандық орталық аурухана қабырғасында сыбайлас жемқорлықтың дамуына қолайлы жағдайдың жасалуына барынша бетін қайыруда. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу онымен құрестің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық мемлекетті құру жолында әрбір азамат осы кеселге қарсы құрестегі өзінің ролін тұтастай мойындауы және бұл ұғымды жоюда мейлінше ат салысуы тиіс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен құресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек екенің айтып, Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен құрес деп сөзін тамамдаған баяндамашыға сөз берді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының заңгері кеңесші М.М. Дүйсенбаев: *Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» № 802 Жарлығымен*

тәністырып және жемқорлықтың алдын алу және оны бодырмай мақсатында қысқаша түсінік беріп етті.

Сонымен бірге Қазіргі уақытта, денсаулық сақтау үйымдарындағы сыйбайлар жемқорлық өзінің ақырына жетуде, өйткені халыққа медициналық көмек көрсету «пациентке бағдарлану» деп аталатын жаңа деңгейге көтерілуде. Тұрғындарға медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін сыйбайлар жемқорлық ұғымын жою қажет, аудандық орталық аурухана қабырғасында сыйбайлар жемқорлықтың дамуына қолайлы жағдайдағы жасалуына барынша бетін қайыруда. Сыйбайлар жемқорлықтың алдын алу онымен күрестің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық мемлекетті құру жолында әрбір азамат осы кеселге қарсы күрестегі өзінің ролін тұтастай мойындауы және бұл ұғымды жоюда мейлінше ат салысуы тиіс. Сондықтан сыйбайлар жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

«Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендер, етек жайып, етене сіңісп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

«Сыйбайлар жемқорлықпен күрес – елдің орнықты дамуының аса маңызды шарты». Расында да жемқорлық індепті мемлекеттің, қоғамның дамуын тежейтін басты факторлардың бірі. Жемқорлық деген қанымызға сіңіп кеткен деп ақталатындар да жиі кездеседі. Бұл қылмыс мемлекеттіміздің қарқынды дамуина кедергі келтіріп, оның экономикалық өркендеуімен, саяси тұрақтылығына қатер төндіруде. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне Елбасының өзі үлкен мән беріп отыр. Бұл індептке жалғыз құқық қорғау және бақылаушы органдарға емес, әрбір қазақстандықтардың бірлесе қарсы тұру тиімді екені белгілі. Өйткені алдына өрелі міндет қойып отырған Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы беделін түсіретін бірден бір жат құбылыс – сыйбайлар жемқорлық болса, бұған қарсы тұру - әрбір саналы азаматтың парызы. Әрбір азаматтың ар-ожданы, мемлекеттік мүддені жоғары қоюы – жемқорлыққа қарсы күресте басты көрсеткіш болуы тиіс. Бұл парызды ең әуелі мемлекеттік қызметшілер сезіне білуі қажет екендігі туралы толыққанды әлімет берді.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (*Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ*);

Еңбек Кодексі азаматтардың Қазақстан Республикасындағы еңбек бостандығына конституциялық құқығын іске асыру процесінде туындастырын еңбек қатынастарын

реттейді. Еңбек – адамдардың өмір үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі. Еңбек қатынастары – тараптардың әдетте жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жузеге асыру жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар. Жұмыс берушінің актілері – жұмыс берушінің (жұмыс берушілер өкілінің) шығаратын актілері (бүйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері) болып табылатыны туралы қысқаша айтып өттіп.

Біздің қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дергің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын жасау және түбекейлі қарсы тұруға болады. Сондыктан сыйбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек.

«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабының 6-тармақшасына сәйкес сыйбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте көзделгені туралы айтты.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Мәжілістің тәрайымы:

Ж.М.Ақылбаева.

Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші

М.М. Дүйсенбаев.